

ӘОЖ 94(100):37.091.33:004

ӘЛЕМ ТАРИХЫ ПӘНІН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ-БІЛІМ РЕСУРСТАРЫ – ИНТЕРАКТИВТІ ДИДАКТИКАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ

Кайырбекова Венера Кайырбековна

2 курс магистранты, Тарих және география факультеті, Қ.Жұбанов
атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан Республикасы.

Ғылыми жетекші: Купенова Г.Ы.

Бұл мақалада әлем тарихын оқытуда жаңа ақпараттық-білім ресурстары мен интерактивті дидактикалық материалдарды қолдану жолдары қарастырылады. Зерттеу интерактивті құралдардың оқушылардың тарихи ойлауын, сыни талдау қабілетін және дербес танымдық әрекетін дамытуға әсерін талдайды.

Кілт сөздері: әлем тарихы, ақпараттық-білім ресурстары, интерактивті дидактикалық материалдар, цифрлық оқыту, тарихи ойлау, AR/VR технологиялары, білім беру әдістемесі.

Қазіргі білім беру жүйесінің дамуы ақпараттық қоғам талаптарымен тығыз байланысты. Ақпарат көлемінің жылдам артуы, цифрлық технологиялардың күнделікті өмірге енуі білім беру мазмұны мен оқыту әдістерін жаңаша қарастыруды қажет етеді. Осы тұрғыда оқу үдерісінде кеңінен қолданылып жүрген жаңа ақпараттық-білім ресурстары білім алушылардың танымдық белсенділігін арттырудың және білім сапасын жақсартудың маңызды құралына айналууда. Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерде ақпараттық-білім ресурстары ұғымы әртүрлі анықталады. Кең мағынада алғанда, олар – оқу және тәрбиелеу мақсатында пайдаланылатын, ақпаратты жинақтау, сақтау, өңдеу және таратуға арналған материалдар мен құралдардың жиынтығы. Бұл ресурстар дәстүрлі баспа өнімдерімен шектелмей, электрондық және сандық форматта ұсынылатын білім беру контентін қамтиды. Зерттеушілердің пікірінше, ақпараттық-білім ресурстары оқыту мазмұнын жаңғыртып қана қоймай, білім алушылардың оқу әрекетінің формалары мен тәсілдерін өзгертуге ықпал етеді. [1, 320 б.]

Қазіргі педагогикада бұл ресурстар көбінесе сандық немесе цифрлық білім беру ресурстары ұғымымен байланыстырылып қарастырылады. Сандық білім беру ресурстары деп компьютерлік техника мен интернет желісі арқылы қолданылатын, оқу үдерісіне арналған электрондық мәтіндер, мультимедиялық

материалдар, интерактивті тапсырмалар, виртуалды модельдер мен онлайн платформалар түсіндіріледі. И.В. Роберттің еңбектерінде цифрлық ресурстардың басты ерекшелігі – олардың интерактивтілігі, көрнекілігі және білім алушының жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік беруі екендігі атап көрсетіледі. Ғылыми еңбектерге сүйене отырып, ақпараттық-білім ресурстарын бірнеше негіз бойынша жіктеуге болады. Біріншіден, мазмұны мен ұсынылу формасына қарай: электрондық оқулықтар, цифрлық хрестоматиялар, бейне және аудио материалдар, интерактивті карталар мен инфографикалар. Екіншіден, қолданылу ерекшелігіне байланысты: оқу материалын түсіндіруге арналған ресурстар, білімді бекіту мен бақылауға арналған интерактивті тесттер, сондай-ақ зерттеу және жобалық қызметке бағытталған платформалар. Үшіншіден, техникалық деңгейі бойынша: локалды қолданылатын ресурстар және интернет желісіне негізделген онлайн білім беру ортасы. [2, 136 б.]

Білім беру жүйесін цифрландыру жағдайында ақпараттық-білім ресурстарының рөлі айрықша артып отыр. Цифрландыру – бұл тек техникалық жанару емес, сонымен қатар оқыту философиясының өзгеруі. Тарих пәнін оқытуда цифрлық ресурстар білімді дайын күйінде беруден гөрі, оқушылардың деректермен өз бетінше жұмыс істеуіне, тарихи ақпаратты талдау мен интерпретациялауға бағыттайды. Осы тұрғыда тарихты оқытуда ақпараттық-білім ресурстары оқу үдерісін белсенді, зерттеушілік сипатқа көшіреді. Шетелдік зерттеулерде цифрлық ресурстарды қолдану тарих сабағында оқушылардың тарихи ойлауын, себеп-салдарлық байланыстарды түсіну қабілетін және сыни талдау дағдыларын дамытуға оң әсер ететіні дәлелденген. [3, 263 б.] Сандық контент тарихи оқиғаларды тек мәтін арқылы емес, визуалды және интерактивті түрде қабылдауға мүмкіндік береді. Бұл әсіресе күрделі тарихи кезеңдерді, өркениеттердің дамуын немесе геосаяси өзгерістерді түсіндіруде маңызды.

Қазақстандық білім беру кеңістігінде де ақпараттық-білім ресурстарын енгізу мемлекеттік деңгейде қолдау табуда. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында электрондық оқулықтар, цифрлық платформалар және мультимедиялық материалдар оқу үдерісінің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Бұл жағдай тарих пәнінің мазмұнын жаңаша ұсынуға, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Әлем тарихы пәнінің мазмұнына сәйкес ақпараттық-білім ресурстарының өзіндік ерекшеліктері бар. Әлем тарихы – кең хронологиялық ауқымды, әртүрлі өркениеттер мен мәдениеттерді қамтитын пән. Сондықтан бұл пәнде қолданылатын ақпараттық ресурстар тарихи уақыт пен кеңістікті бірлікте көрсетуге бағытталуы тиіс. Интерактивті карталар, уақыт сызықтары (timeline), виртуалды мұражайлар мен тарихи реконструкциялар оқушыларға тарихи оқиғаларды жүйелі әрі тұтас қабылдауға жағдай жасайды. Сонымен қатар әлем тарихын оқытуда көп дереккөзбен жұмыс істеу маңызды орын алады. Сандық

архивтер, тарихи құжаттардың электрондық нұсқалары, картографиялық материалдар оқушылардың дерекпен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде тарихи білімді жаттап алуға емес, оны түсінуге және талдауға негіздейді. Зерттеушілердің пікірінше, дәл осындай тәсіл тарихты оқытудағы басты мақсат – тарихи сананы қалыптастыруға мүмкіндік береді [4, 125 б.]. Осылайша, жаңа ақпараттық-білім ресурстары қазіргі білім беру жүйесінде маңызды орын алып, әлем тарихы пәнін оқытудың мазмұны мен әдістемесін жаңғыртуға жағдай жасайды. Олар оқыту үдерісін көрнекі, интерактивті және тұлғалық-бағдарлы ету арқылы білім алушылардың тарихи білімді терең әрі саналы меңгеруіне ықпал етеді.

Қазіргі білім беру кеңістігінде интерактивті дидактикалық материалдар оқу үдерісін ұйымдастырудың маңызды құрамдас бөлігіне айналып отыр. Олар оқушылардың оқу материалына пассивті түрде емес, белсенді түрде қатысуын қамтамасыз етіп, білімді саналы меңгеруге бағыттайды. Педагогикалық зерттеулерде интерактивті материалдар білім алушы мен оқу мазмұны арасындағы кері байланысты күшейтетін, оқыту үдерісін жандандыратын құралдар ретінде сипатталады [2, 38–43 бб]. Интерактивті дидактикалық материалдардың негізгі ерекшелігі – олар оқушыларды дайын ақпаратты қабылдаумен шектемей, тарихи фактілерді талдауға, салыстыруға және өзіндік қорытынды жасауға жетелейді. Бұл қазіргі білім берудегі құзыреттілікке бағытталған тәсілдің талаптарына толық сәйкес келеді. И.В. Роберт интерактивті цифрлық ресурстарды білім алушының жеке оқу траекториясын қалыптастыруға мүмкіндік беретін маңызды педагогикалық құрал ретінде қарастырады [1, 66–72 бб.].

Интерактивті дидактикалық материалдардың ішіндегі ең кең таралған түрлерінің бірі – электронды оқулықтар мен мультимедиялық оқу кешендері. Электронды оқулықтар дәстүрлі баспа оқулықтарының цифрлық баламасы ғана емес, сонымен қатар оқу материалының мазмұнын байытатын мультимедиялық және интерактивті элементтерді қамтитын кешенді ресурс болып табылады. Электронды оқулықтарда мәтіндік ақпаратпен қатар иллюстрациялар, бейнематериалдар, анимациялар, интерактивті тапсырмалар мен өзін-өзі бақылауға арналған тесттер беріледі. А.А. Андреевтің пікірінше, электронды оқулықтардың басты артықшылығы – оқу материалының құрылымдылығы мен икемділігі, сондай-ақ оны меңгеру қарқынын білім алушының жеке ерекшеліктеріне бейімдеу мүмкіндігі [5, 109 б.]. Бұл әсіресе әлем тарихы сияқты көлемді әрі мазмұны күрделі пәндерді оқытуда маңызды.

Әлем тарихы пәнінде мультимедиялық оқу кешендері тарихи кезеңдер мен оқиғаларды кешенді түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Мұндай кешендер тарихи мәтіндерді интерактивті карталармен, уақыт сызықтарымен, деректі фильм үзінділерімен және практикалық тапсырмалармен ұштастырады. Нәтижесінде оқушылар тарихи материалды тек мәтін арқылы ғана емес,

визуалды және интерактивті формада қабылдайды. Бұл тарихи білімнің беріктігін арттырып, себеп-салдарлық байланыстарды терең түсінуге жағдай жасайды [4, 154 б.] Қазақстандық әдіскер Л.Б. Нұғыманова электронды оқулықтар тарих сабағында оқушылардың дербес жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын көрсетеді. Автордың пікірінше, электронды форматтағы тапсырмалар оқушыларды өз бетімен ақпарат іздеуге және тарихи деректермен жұмыс істеуге ынталандырады [6, 32 б.].

Қазіргі білім беру жүйесінде әлем тарихын оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру мақсатында интерактивті дидактикалық материалдарды сабақ құрылымына жүйелі түрде енгізу ерекше маңызға ие. Интерактивті құралдар сабақтың әр кезеңінде оқушылардың белсенділігін арттыруға, тарихи ақпаратты жүйелі меңгеруге және сыни ойлау қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Заманауи педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, интерактивті материалдарды қолдану сабақтың тиімділігін 25–30%-ға арттыра алады, әсіресе жаңа білімді меңгеру және бекіту кезеңдерінде [2, 49 б.]. Менің жеке байқауымша, интерактивті құралдарды сабаққа енгізу тек оқушылардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың тарихи ақпаратты терең түсінуіне де тікелей әсер етеді. Мысалы, оқушылар бейнематериалдарды көргенде немесе виртуалды экскурсияларға қатысқанда, олар оқиғаның контекстін өздері көріп, тарихи дерекпен жұмыс істеу дағдыларын шыңдайды. Бұл дәстүрлі сабақтағы тек мәтін оқу мен конспект жазумен салыстырғанда әлдеқайда тиімді әдіс болып табылады.

Әлем тарихы сабағында интерактивті материалдарды тиімді пайдалану үшін сабақ құрылымын модульдік принциппен ұйымдастыру ұсынылады. *Модульдік құрылым* әрбір сабақ кезеңінде нақты дидактикалық міндеттерді шешуге бағытталған құралдарды қолдануға мүмкіндік береді. Мысалы, сабақтың мотивациялық кезеңінде бейнематериалдар, виртуалды экскурсиялар немесе қысқа анимациялар пайдаланылады. Бұл оқушылардың тақырыпқа эмоционалды қатысуын қамтамасыз етіп, сабаққа белсенді енуіне ықпал етеді. Жаңа білімді меңгерту кезеңінде электронды оқулықтар, мультимедиялық презентациялар және интерактивті карталар қолданылады. Осы кезеңде оқушылар тек ақпаратты қабылдамайды, сонымен қатар оны салыстырады, талдайды және өз түсініктерін қалыптастырады. Менің тәжірибемде, мұндай әдіс оқушылардың «неге солай болды?» деген сұрақтарға өздері жауап іздеуге үйретеді, ал бұл – тарихи ойлаудың ең басты қыры. *Бекіту және қайталау* кезеңінде интерактивті тапсырмалар, онлайн тесттер, уақыт сызықтары және инфографика қолданылады. Бұл әдістер оқушыларға алған білімдерін тексеруге, логикалық байланыстарын бекітуге және себеп-салдарлық талдау жасауға мүмкіндік береді. Мысалы, белгілі бір тарихи кезеңнің оқиғаларын хронологиялық ретке қою арқылы оқушылар тарихи процестердің заңдылықтарын түсінеді [4, 167 б.].

Интерактивті материалдардың басты артықшылығы – оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда. Бұл белсенділік тек ақпаратты қабылдаумен шектелмей, оны талдауға, салыстыруға, интерпретациялауға бағытталған әрекеттерді қамтиды.

- Интерактивті карталар мен хронологиялық кестелер оқушыларға тарихи оқиғалардың уақыт пен кеңістік байланысын көруге мүмкіндік береді.
- Инфографика және визуалды материалдар тарихи процестерді салыстыруға, себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға ықпал етеді.
- Онлайн платформалар мен LMS сервистері оқушыларға өз бетімен тапсырмаларды орындауға, қорытынды жасауға және кері байланыс алуға мүмкіндік береді.

Менің тәжірибем бойынша, сабаққа осындай интерактивті тапсырмаларды енгізу оқушылардың жеке ізденуін, шығармашылық ойлауын және сыни талдау қабілеттерін дамытады. Әрбір оқушы өзінің оқу траекториясын өзі құра алады, бұл әр деңгейдегі білімді меңгеруге тиімді. Сонымен қатар, интерактивті құралдар сабақта әртүрлі оқушылардың білім деңгейін ескере отырып, икемді әдістерді қолдануға мүмкіндік береді. Ал Қазақстандағы мектеп тәжірибесінде BilimLand, Daryn.online, National Digital History Resources сияқты цифрлық платформалар тарих сабағында белсенді қолданылады. Бұл платформаларда интерактивті карталар, бейнематериалдар, анимациялар және тест тапсырмалары бар, сондықтан оқушыларға өздігінен іздену мен деректерді салыстыру мүмкіндігі беріледі [6, 37 б.]. Мұндай тәжірибе интерактивті материалдарды нақты Қазақстан контекстінде қолданудың тиімділігін көрсетеді.

Интерактивті цифрлық ортада оқушылардың тарихи ойлауы бірнеше бағытта дамиды: біріншіден, олар хронологиялық ойлау мен себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға дағдыланады; екіншіден, әртүрлі дереккөздермен (мәтін, карта, бейне, статистика) жұмыс істеу арқылы ақпараттық сауаттылығы артады; үшіншіден, тарихи оқиғаларға сыни көзқарас қалыптастырып, біржақты түсіндіруден алшақтайды. Бұл – қазіргі тарихты оқытудағы басты мақсаттардың бірі. Қазақстан мектептерінің тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүрген цифрлық білім беру платформалары осы талаптарға ішінара жауап береді. Мысалы, BilimLand платформасы тарих пәні бойынша оқу бағдарламасына сәйкестендірілген бейнесабақтарымен, интерактивті тапсырмаларымен және автоматты бағалау жүйесімен ерекшеленеді. Бұл платформа мұғалімге сабақ құрылымын тиімді жоспарлауға, ал оқушыға тақырыпты өз бетінше меңгеруге мүмкіндік береді. Дегенмен, BilimLand-тағы тапсырмалар көбіне репродуктивті сипатта болып, оқушының терең талдау жасауына әрдайым жеткілікті жағдай жасай бермейді. Ал Daryn.online платформасы тестілеуге және білімді тексеруге бағытталғанымен, ондағы тарихи материалдар олимпиадалық дайындық пен қорытынды бақылау

тұрғысынан тиімді. Бұл платформа оқушылардың логикалық ойлауын және жылдам шешім қабылдау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, алайда зерттеушілік және жобалық жұмыстарды ұйымдастыру мүмкіндігі шектеулі. National Digital History Resources секілді цифрлық қорлар тарихи дереккөздермен жұмыс істеуге бағытталғанымен, олар көбіне жоғары сынып оқушылары мен студенттерге ыңғайлы. Бұл ресурстарда тарихи құжаттар, карталар мен иллюстрациялық материалдар жинақталған, бірақ педагогикалық тұрғыдан құрылымдалған тапсырмалар жүйесі толық қалыптаспаған.

Осы аталған платформалардың тәжірибесін талдай келе, оларда бірқатар ортақ мәселелер бар екенін байқауға болады: мазмұн мен тапсырмалардың бірізділігі, оқушының жеке оқу траекториясын толық ескермейтіндігі және шығармашылық-зерттеушілік әрекетке бағытталған құралдардың жеткіліксіздігі. Бұл жағдай тарих пәніне арналған жаңа форматтағы, әдістемелік тұрғыдан ойластырылған авторлық цифрлық платформаны құру қажеттігін көрсетеді. Болашақта жасалатын мұндай платформа тарихты оқытудың әдістемелік талаптарын, Қазақстан тарихының ұлттық ерекшеліктерін және дүниежүзілік тарихи процестермен байланысын біртұтас жүйеде ұсынуы тиіс. Платформада интерактивті карталармен қатар, тарихи деректерді салыстыруға арналған тапсырмалар, проблемалық сұрақтар, мини-зерттеу жобалары және оқушылардың рефлексия жасауына мүмкіндік беретін құралдар қарастырылғаны жөн. Сонымен бірге, жасанды интеллект элементтерін пайдалану арқылы оқушының білім деңгейіне сәйкес жеке ұсыныстар беру, тапсырмалардың күрделілігін автоматты түрде реттеу мүмкіндігі де маңызды.

Қазіргі кезеңде әлем тарихын оқытуда жаңа ақпараттық-білім ресурстарын, әсіресе интерактивті дидактикалық материалдарды қолдану оқыту мазмұнын жаңғыртудың маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Бұл үдеріс тек техникалық жаңарумен шектелмей, оқушылардың тарихи ойлауын, сыни талдау қабілетін және дербес танымдық әрекетін дамытуға бағытталған педагогикалық өзгерістермен сипатталады. Шетелдік педагогикалық зерттеулерде тарих сабақтарында виртуалды (VR) және кеңейтілген шындық (AR) технологияларын қолданудың әдістемелік мүмкіндіктері талдана отырып, интерактивті цифрлық орта оқушылардың тарихи оқиғаларды кеңістік пен уақыт өлшемінде қабылдауына мүмкіндік беретіні атап көрсетіледі. Зерттеушілердің пікірінше, AR/VR технологиялары тарихи деректерді визуализациялау арқылы білім алушылардың эмоциялық қатысуын күшейтіп, тарихи материалды терең әрі саналы меңгеруге жағдай жасайды. Бұл әсіресе әлем тарихындағы күрделі өркениеттік үдерістерді оқытуда маңызды болып табылады [7].

Халықаралық зерттеулер көрсеткендей, AR және VR технологиялары тарихты оқытудың мотивациялық әлеуетін арттырады. AR негізіндегі

интерактивті тапсырмалар оқушылардың оқу белсенділігін күшейтіп, тарихи ақпаратты есте сақтау деңгейін жоғарылатады. Зерттеу нәтижелері интерактивті технологияларды қолданған сыныптарда білім сапасының дәстүрлі әдістермен салыстырғанда жоғары болатынын көрсеткен.

Интерактивті дидактикалық материалдардың тиімділігін кеңірек контексте, виртуалды ортаның иммерсивті сипаты оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырып, оқу үдерісін тұлғалық-бағдарлы бағытта ұйымдастыруға мүмкіндік беретіні дәлелденген. AR және VR технологиялары тарихи деректерді визуализациялау арқылы оқушылардың эмоциялық қатысуын күшейтеді, тарихи материалды тереңірек түсінуге жағдай жасайды [8, 135-140 бб]. Сонымен қатар, аралас (blended learning) оқыту модельдерінде AR/VR технологияларын қолдану дәстүрлі сабақ құрылымымен үйлесіп, виртуалды экскурсиялар, интерактивті карталар және модельдеу элементтері оқушылардың тарихи процестерді салыстырып талдау қабілетін дамытуға ықпал ететіндігі дәлелденген [9].

Қазақстандық ғалымдар да бұл мәселеге ерекше көңіл бөледі. Мұқашева және әріптестері білім беру жүйесінде виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларын қолданудың педагогикалық негіздерін қарастырып, олардың визуалдық және интерактивтік мүмкіндіктерін атап өтеді. Авторлардың пікірінше, VR/AR технологиялары тарихи білімді тек ақпарат ретінде емес, тәжірибе арқылы меңгеруге жағдай жасайды, бұл оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [10]. Сонымен қатар, Сәрсембаева А. және әріптестері Қазақстан мектептерінде AR/VR технологияларын енгізудің практикалық аспектілерін зерттей отырып, инфрақұрылымдық қамтамасыз ету, мұғалімдердің цифрлық құзыреттілігі және оқу контентінің сапасы негізгі факторлар екенін көрсетеді [11]. Бұл зерттеулер интерактивті дидактикалық материалдарды қолданудың тек технологиялық емес, ұйымдастырушылық және әдістемелік қырларын да ескеру қажеттігін дәлелдейді. Жалпы алғанда, аталған зерттеулер интерактивті дидактикалық материалдарды, соның ішінде виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларын әлем тарихы пәнін оқытуда қолдану оқушылардың тарихи ойлауын дамытуға, білім мазмұнын терең меңгеруге және оқу мотивациясын арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетеді. Бұл ғылыми тұжырымдар зерттеу жұмысында интерактивті ресурстарды қолданудың әдістемелік негізін қалыптастырып, болашақта авторлық цифрлық платформа әзірлеуге теориялық тірек бола алады. Осылайша, интерактивті цифрлық платформалар тарих сабағының мазмұнын байытып қана қоймай, оқушылардың тарихи санасын, сыни ойлауын және дербес танымдық қабілеттерін қалыптастырудың қуатты құралына айнала алады. Қазақстан мектептерінің тәжірибесін ескере отырып жасалған авторлық платформа отандық тарихты оқыту әдістемесін жаңа сапалық деңгейге көтеруге мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Роберт И. В. (2014). Теория и методика информатизации образования. – М.: ИИО РАО, – 398 с.
2. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. (2005). Новые педагогические и информационные технологии в системе образования. – М.: Академия, – 270 с.
3. Wineburg S. (2001). Historical Thinking and Other Unnatural Acts. – Philadelphia: Temple University Press, – 276 p.
4. Вяземский Е.Е., Стрелова О.Ю. (1999). Методика преподавания истории в школе. – М.: ВЛАДОС, – 175 с.
5. Андреев А.А. (2020). Электронное обучение и дистанционные образовательные технологии. М.: Юрайт, 257 с.
6. Nugymanova, L. B. (2018). Тарих пәнін оқыту әдістемесі [History teaching methodology]. Алматы: Қазақ университеті. <https://vku.edu.kz/wp-content/uploads/2024/06/Тарихты-оқыту-әдістемесі.pdf>
7. Radianti, J., Majchrzak, T. A., Fromm, J., & Wohlgenannt, I. (2020). A systematic review of immersive virtual reality applications for higher education: Design elements, lessons learned, and research agenda. Computers & Education, 147, 103778. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103778>
8. Freina, L., & Ott, M. (2015). A literature review on immersive virtual reality in education: State of the art and perspectives. eLearning & Software for Education, 1(1), <https://doi.org/10.12753/2066-026X-15-020>.
9. Maroukhas, A., Troussas, C., Krouska, A., & Sgouropoulou, C. (2023). Virtual reality in education: A review of learning theories, approaches and methodologies for the last decade. Electronics, 12(13), 2832. <https://doi.org/10.3390/electronics12132832>
10. Мұқашева, М., Байбурин, А., & Сәрсембаева, С. (2022). Білім беру саласында виртуалды және кеңейтілген шындық: жағдайы мен перспективалары. ҚазҰПУ хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы, 77(1), 247–255. <https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7901.33>.
11. Сәрсембаева, С., Мұқашева, М., Корнилов, Ю., & Омирзакова, А. (2021). Мектептерде виртуалды және кеңейтілген шындық технологияларын енгізу туралы. ҚазҰПУ хабаршысы. Физика-математика ғылымдары сериясы, 73(1), 190–197. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7901.28>.

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ НОВЫХ ИНФОРМАЦИОННО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ РЕСУРСОВ — ИНТЕРАКТИВНЫХ ДИДАКТИЧЕСКИХ МАТЕРИАЛОВ — В ПРЕПОДАВАНИИ ВСЕМИРНОЙ ИСТОРИИ

Кайырбекова Венера Кайырбековна

В данной статье рассматриваются способы использования новых информационно-образовательных ресурсов и интерактивных дидактических материалов в преподавании всемирной истории. В исследовании анализируется влияние интерактивных средств на развитие исторического мышления, навыков критического анализа и самостоятельной познавательной деятельности учащихся.

Ключевые слова: всемирная история, информационно-образовательные ресурсы, интерактивные дидактические материалы, цифровое обучение, историческое мышление, технологии AR/VR, методика обучения.

WAYS OF USING NEW INFORMATION AND EDUCATIONAL RESOURCES — INTERACTIVE DIDACTIC MATERIALS — IN TEACHING WORLD HISTORY

Kaiyrbekova Venera Kaiyrbekovna

Abstract. This article examines the ways of using new information and educational resources and interactive didactic materials in teaching world history. The study analyzes the impact of interactive tools on the development of students' historical thinking, critical analysis skills, and independent cognitive activity.

Keywords: world history, information and educational resources, interactive didactic materials, digital learning, historical thinking, AR/VR technologies, teaching methodology.

REFERENCES

1. Robert, I. V. (2014). Theory and methodology of education informatization. Moscow: Institute of Education Informatization of the Russian Academy of Education, 398 p.
2. Polat, E. S., Bukharkina, M. Yu., Moiseeva, M. V., & Petrov, A. E. (2005). New pedagogical and information technologies in the education system. Moscow: Akademiya, 270 p.

3. Wineburg, S. (2001). Historical thinking and other unnatural acts. Philadelphia: Temple University Press, 276 p.
4. Vyazemsky, E. E., & Strelova, O. Yu. (1999). Methods of teaching history at school. Moscow: VLADOS, 175 p.
5. Andreev, A. A. (2020). E-learning and distance educational technologies. Moscow: Yurait, 257 p.
6. Nugymanova, L. B. (2018). History teaching methodology. Almaty: Qazaq University. <https://vku.edu.kz/wp-content/uploads/2024/06/Тарихты-оқыту-әдістемесі.pdf>
7. Radianti, J., Majchrzak, T. A., Fromm, J., & Wohlgemant, I. (2020). A systematic review of immersive virtual reality applications for higher education: Design elements, lessons learned, and research agenda. Computers & Education, 147, 103778. <https://doi.org/10.1016/j.compedu.2019.103778>
8. Freina, L., & Ott, M. (2015). A literature review on immersive virtual reality in education: State of the art and perspectives. eLearning & Software for Education, 1(1). <https://doi.org/10.12753/2066-026X-15-020>
9. Maroukas, A., Troussas, C., Krouska, A., & Sgouropoulou, C. (2023). Virtual reality in education: A review of learning theories, approaches and methodologies for the last decade. Electronics, 12(13), 2832. <https://doi.org/10.3390/electronics12132832>
10. Mukasheva, M., Baiburin, A., & Sarsembayeva, S. (2022). Virtual and augmented reality in education: Current state and prospects. Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series of Physical and Mathematical Sciences, 77(1), 247–255. <https://doi.org/10.51889/2022-1.1728-7901.33>
11. Sarsembayeva, S., Mukasheva, M., Kornilov, Yu., & Omirzakova, A. (2021). On the implementation of virtual and augmented reality technologies in schools. Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series of Physical and Mathematical Sciences, 73(1), 190–197. <https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7901.28>